



МҰРАТ-КАЗАХ- ҚАЗАҚ

№20
(2295)
Сәрсенбі
26 наурыз
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БОТАНИКАЛЫҚ САЯБАҚҚА ТАЛ ЕГІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен "Таза Қазақстан" экологиялық бағдарламасы аясында Ботаникалық саябаққа тал егілді. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары: Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, департамент, басқарма басшылары және Қорқыт Ата атындағы университет ұжымы қатысты. Осы күндері өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру жұмыстары қарқын алған.

Биыл тазалық жұмыстарына 63 мыңнан астам еріктілер, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері атсалысуда. Елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени



ескерткіштер, әлеуметтік нысандар, өнеркәсіп және бизнес нысандары, су объектілері,

көшелердің бойы тазартылып, 2500 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Оған 600-ден

астам техника жұмылдырылды. "Наурызнама" онкүндігінің 19 наурызға белгіленген Жаңару күнінде «Жасыл желек» ағаш отырғызу, көркейту, көгалдандыру акциясы ұйымдастырылды. Облыс аумағына 5920 түп тал отырғызылды.

23 наурыз-Тазару күні қала, кент және ауылдық округтерде көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық шаралары ұйымдастырылып, 7000-ға жуық көшет егілді. Тазалық шараларына 20 мыңнан астам адам қатысты.

Биыл өңірдің климатына сәйкес келетін, жерсінетін 23530 түп қарағаш, терек және Сыр талының көшеті отырғызылды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АУДАН ӘКІМІ ПАРТИЯ АЛАҢЫНДА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет «АМАНАТ» партиясының Қазалы аудандық филиалында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Келген тұрғындар аудан әкіміне өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға келушілердің басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу мен тұрғын үй кезегі мәселесін қозғады. Мұнан бөлек ауылдық округтерден жер алу мәселесі, көшелерді асфальттау, Әйтеке би кентінің тазалығы және әлеуметтік көмек сұраған

тұрғындарда болды.

Аудан басшысы жұмыссыздық мәселесі бойынша мамандықтарға сәйкес сұраныс болған жағдайда бос жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігін түсіндірді. Сондай-ақ, кейбір азаматтарға қоғамдық жұмыс арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік барын жеткізді. Басқа мәселелер бойынша да тиісті заңдылықтарға сәйкес жұмыстар жасалатынын айтып, бұл бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

23 НАУРЫЗ – ТАЗАРУ КҮНІ

Наурыз намының онкүндігіне сәйкес – Тазару күні. Еліміздің барлық өңірінде экологиялық акциялар өтіп, тазалық жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Экологиялық акцияға қазалылықтарда белсенді үлес қосты. Таң азанмен барлық мекеме-ұжым қызметкерлері мен тұрғындар қажетті құрал-саймандарымен аудан аумағын шашылған күл қоқыстардан тазартып, ағаш

көшеттерін отырғызды.

Тазалық жұмыстары барысында Әйтеке би кентіндегі орталық көшелер, батыс теміржол өткелінің аралығы, саябақтар, алаңдар қоқыстардан тазартылды.

Экологиялық акция аудан орталығынан бөлек барлық елді-мекендерде де жалғасты. Тазалық жұмыстары нәтижесінде 30 тонна қоқыс арнайы орындарға шығарылды.



МАЙДАННАН МҮГЕДЕК БОЛЫП ОРАЛҒАН СЫРБАЙ ШӘМШИЕВ

Соғыс және еңбек ардагері Сырбай Шәмшиев Қазалының тумасы. Әкесі Ш.Қожагелдиев пен анасы Төлебикенің отбасында 1915 жылы дүниеге келген. Сонау сұрапыл қиын кезде әке-шешесінен жеті жасында жетім қалады. Тар кезең, зар заманда жас баланың өмір сүруі қайдан оңай болсын, әркімнің қас қабағын бағып, әркімге жәуаптеп, тамағы бірде аш, бірде орта құрсақ күйде аса қиыншылықпен өмір сүреді. Жоқшылықтан ағайынның малын бағып, жақын туысты паналайды. Ашаршылықтың аса ауыр кезеңін көзбен көріп, жетімдіктің зары мен зардабын ұзақ тартты. Өлместің күнін көрген кездер таусылмастай көрінетін. Жетім бала осылайша қиындықтармен бетпестеліп шырықты. Азаматтар қатарынан табылды. Колхоздың ауыр жұмыстарының бел ортасында жүрді. Оң мен солын аңдап, адамдар қатынастарына зерделей ден қоя бастады.

Қайраты толысқан жетім жігіт Сырбай Шәмшиев 1940 жылы Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылып, әскер қатарына алынды. Ол жылдары қатардағы солдаттардың Отан алдында борышын өтеу мерзімі үш жыл. Сырбай аға болса әскер қатарына үйренісіп, үлгілі қызметі үшін кіші сержант атағын алып үлгергенді. Әскерлер қатарына да суық хабар тез тарады Ұлы Отан соғысы басталғаны хабарланды. Әскерилер жинақталып, отанын қорғау үшін майдандар шебіне аттанды. Олардың қатарында кіші сержант Сырбай Шәмшиевте бар еді.

Майдангер аға соғыстың жорық жолдарында 2-ші Украина майданында Украина, Венгрия мен Польшаны жаудан азат етудегі қанды шайқастарға араласты. Алғашқы жылдары жауынгерлер қару жарақ жетіспеуінен қиналып, мұздай қаруланған неміс басқыншыларына тосқауыл қоюда аса қиындыққа кездесті. Десе де әрбір солдат жаумен жан аямай айқасты. Оның бір дәлелі Сырбай өмірінде де кездесті.

Бірде жаумен қиын-кескі шайқас болды. Күш тең емес еді. Сырбай аяғынан жарақат алып, жүруге мүмкіндігі болмады. Қаруластары кейін шегінгенде бой тасалап, даладағы қалың бидай арасында жалғыз өзі қала берді. Жау қолына түспесем екен деп жаралы жауынгердің жаны ышқынды. Қиналса да төзіп-ақ бақты. Тән жарасы жанын қинаса да сыр бермеді. Үш күн бойы бидай

арасында қансырап жатқан жерінде алда көрер қызығы бар екен бидай теріп жүрген Украин кемпірі немересімен үстінен шығып, жаралы жауынгерді арбаға әзер салып үйіне апарады. Қауіптен сескеніп, ешкімге көрсетпей подвалға түсіріп, жара-



сын таңып емдеп, бағады. Жарасы жазылғасын деревня үстінен өткен совет әскерлеріне қосылып, ұрыс майданына араласады.

1944 жылы бір селоны азат етудегі қиян кескі шайқаста снарядтың жарықшағы тиіп оң қолынан айрылады. Ұзақ уақыт госпиталда емделеді. Совет әскерлерінің Ұлы Жеңісін осы емдеу орнында естіп, көзіне жас алып, қуанғаннан от пен өрттің арасынан аман қалғанына тәубешілік етеді. Талай жан аямас жауынгер достарының майдан даласында топырақ астында көмілгенін қимастықпен еске алумен болады. Шүкіршілігін, тәубесін көкірегіне қонақтатады. Сол қиын шақтардың елесін көңілден ешқашан өшіре алмады. Бірақ оны өзгелерге дәріптеп айтудан сақтанды.

Сырбай Шәмшиев соғыс аяқталған соң мүгедек болып елге оралды. Соғыстан кейінгі қиын кезеңде жаралы жарымжан болғанымен ер азамат болған соң бейбіт өмірдегі ауыртпалықты жеңілдетуге үлес қосуды парызы санаған соң кенттегі мекемелердің бірсыпырасының есігін тоздырып, майдангер екендігін бетке ұстап, кейбір басшыларға қатқыл сөздерімен сес көрсетіп, қайсыбіреулерінің жылы сөздерімен жүрегін жылытып, өзінің жаралы жағдайын айтқан соң, жанашыр азаматтардың қамқорлығымен жұмысқа орналасты. 1948 жылы ло-

комотив депосына тепловоз машинистерін шақырушы болып жұмысқа қабылданып, 1971 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін абыроймен адал атқарып келгеніне әріптестері куә. Депо басшылығынан алған мадақтауларымен

алғыс хаттары майдангердің жұмысын жауапкершілікпен атқарғанын айғақтайды.

Соғыстан оралған жылы Дурдана есімді бойжеткенмен бас қосқан майдангер ағамыз бес ұл мен екі қызды тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын құтты қонысына қондырды. Ұлағатты ұрпақ өсіргеніне ағайын туыстарымен құда-құдағилар ризашылық білдіреді. Тұңғыш ұлы Жақсылық жұмыс бабымен Түркістан қаласына қоныс тепті, Серігі әке жолын қуып депода тепловоз машинисі қызметін атқарды. Кейін теміржол бетон зауытына жұмысқа ауысты. Оразбек әке өнегесімен тепловоз машинисі болып еңбек етіп, зейнет демалысына шықты. Оның баласы Рысбек те тепловоз жөндеу заво-

дында жөндеуші. Оразбектен кейінгі Оразғалидің ұлы Рысбай да тепловоз машинисі қызметін атқарып жүр. Берік, Ерболатта теміржолға қарасты мекемелерде қызмет атқарған.

Атап айта кетейін майдангер ағаның болашақ жары Дурдана жеңісті жақындатуға үлес қосқан аяулы жандардың бірі. Ол тылда локомотив депосында жұмысшы болып қиын кезеңде уақытпен санаспай аянбай еңбек еткен. Майдандағы жауынгерлерге шұлық, қолғап тоқып жіберіп отырған. Азық-түлік таситын вагонда кондуктор қызметін атқарғаны және бар. Иығына мылтық асынып, үстіне тұлып киіп, вагонда кірпік қақпай күзетшілік қызмет атқарған күндерін үнемі еске алып отыратын. Нақтысы соғыс кезінде азық-түлік тиелген вагонды күзеткен белсенді 40 әйелдің бірі болғанын мақтаныш ететін. Тыл ардагерінің жұмысының жауапкершілігі өте жоғары болатын.

Сырбай Шәмшиевтің көршілері мен туыстары оның диқаншылық кәсіпті жете меңгергенін жиі әңгімелейді. Майдангер далалық жерден бақшалық жерді белгілеп алып, көктемнен бастап бақшалықты өңдеп, тыным таппайды екен. Қара жердің қыртысын аударады. Су жүретін арықтарды қазады. Көктемде егілген қауын-қарбыздардың өскіндерін домбақтап, оны күтіп баптауда оңай емес. Жанкештілігін

айтсайшы. Сырекең кетпеннің сабын тұқыл оң қолының қолтығы астына қысып алып, оны жалғыз сол қолымен ұстап, еңбекке кірісіп кеткенде қимылына сау адамдың ілесуіде екі талай. Осындайда оның шыт көйлегінің жауырын жағы терден малшынып тұратын көрінеді. Не деген мықтылық, еңбекке деген құлшыныс, жарымжан мүгедек адамның қажыр қайратына табынбай көріңіз.

Қазақта «Не ексең, соны орасың» деген қанатты сөз бар. Оған еңбектің зейнеті дегенді де қосып қойыңыз. Күзде бақшадан оралғанда сұр есегінің қос қапталындағы қоржыны иісі бұрқыраған қауынға, ала жолақ қарбызға толып шарбақтың ішіне енгенде ойхой, бала-шағалары мәре-сәре болып қалатын. Мейірімділігі сол көрші үйдің балаларын да сыйдан құр қалдырмайтын.

«Әкеміз мейірімді болатын. Сыртынан қарағанда қатал көрінгенімен балаларын қатты еркелетіп еді. «Соғыстан аман келгенім, Алла сендерді көрсін деп тірі қалдырған. Майданда қалған оң қолымның өтеуі мына сендерсіңдер деп отыратын еді», - дейді балалары.

Майданда көрсеткен ерліктері үшін I дәрежелі Отан соғысы ордені, «Жауынгерлік ерлігі үшін», Ұлы Отан соғысының 1941-1945 жылдығы, басқа да медальдармен наградталған, өзінен өрген бес бала, екі қызынан жиырма немере сүйіп, қызығына кенелген майдангер Сырбай Шәмшиев бүгінде өмірде жоқ. Ал, ұрпақтары бейбіт өмірде әкелерінің есімін ардақтап, еңбек жолын жалғастырып, әке сеніміне сай болуды мақсат тұтуда.

«Біз бала кезден есейгенге дейін Сырбай ағамызбен көрші тұрдық. Бала кезден аңғарғаным, Сырбай ағамыздың мінезі шырты етпе, қатаң, ашушаң. Тәртіпті, адалдықты сүйеді. Оның алдында бейбастық мінез көрсетпеуге, тіпті алдын кесіп өтпеуге тырысамыз. Кейде балалығымыз ұстап, кей нәрсені бүлдіріп қоятын сәттеріміз ұшырасады, ондайда, әрине өз обалымыз өзімізге. Әйткенменде Сырекеңнің өзіне және балаларына сыйластықпен қараған жандарға ілтипаты ерекше. Ондайда сыңар қолымен басымыздан сипап, арқамыздан қағатыны бар.

Осылайша Сырбай ағамыз соғыс мүгедегі болса да еңбек түбі - зейнет екендігін өнегелі ісімен дәлелдеуші еді. Сол өнеге менің өз басымды күні бүгінге дейін өрге сүйреумен келеді, - деп еске алады Жетісулық журналист, жазушы Қараша Қонысұлы.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ ӨТКІЗІЛДІ

Қазалы аудандық прокуратурасының бастамасымен 14.03.2025 жылы жергілікті атқарушы органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың басшыларымен бірлесіп кәсіпкерлермен «Ашық есік» күні өткізілді.

Аталған жиынға аудан көлеміндегі құзырлы органдардың бірінші басшыларымен бірге «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиалының бағдарламаларды жылжыту бойынша бас менеджері С.Абдуллаева, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржылық ұйымының несиелік бөлімінің жетекші сарапшысы А.Амзебаева және 100-ге жуық аудан кәсіпкерлері қатысты.

Кездесуде кәсіпкерлерге жер және гранттармен жеңілдетілген несиелердің алу жолдары түсіндірілді.

Аудан прокуроры Дарын Елтайұлы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі жүйелі реформалар - Ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында айтылған инвесторларды тартудың, сондай-ақ инвестициялық жобаларды дамыту мен қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет Басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауындағы біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдігі құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап.

Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болатыны жөніндегі сөзін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің 04.12.2023ж. №404 Ел экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығы қабылданды.

Осыған орай Бас прокуратурамен инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың барлық шешімдері мен шектеу шараларын және әкімшілік істер мен олардың мүддесін қозғайтын талаптарды зерделеу, келісу бойынша «Инвесторларды қорғау жөніндегі прокурорлық сүзгі» жобасы қолданысқа енгізіліп, белсенді жүргізілуде.

Сондықтан, барлық мемлекеттік (уәкілетті) органдардан және квазимемлекеттік сектор субъектілерінен Инвесторларға және кәсіпкерлерге қатысты талаптарды қатаң сақтау талап етіліп және ол үшін қатаң тәртіптік жауаптылық көзделгені ескертілді.

Кәсіпкерлерге мемлекеттік органдар тарапынан қандайда бір заңсыз әрекеттер немесе кедергілер мен кәсіпкердің қызметіне заңсыз араласу фактілері орын алған жағдайда аудандық прокуратурамен құрылған мобильді топқа жүгіну қажеттігі түсіндірілді.

Кездесуде аудан кәсіпкерлері көкейлерінде жүрген сауалдарымен бөлісіп, тиісті кеңестер алды.

Сонымен қатар, аудан прокуроры 2024ж. және ағымдағы жылдың өткен мерзімінде атқарылған шаралардың нәтижесімен 455 кәсіпкердің құқығы қорғалғандығын атап өтіп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар аудан прокуратурасының басты назарында екендігін жеткізді.

**Қазалы аудандық
прокуратурасы**

СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ ТӘРТІБІ

Апостиль - құжаттамаға қол қойған адамның қолын және оның өкілеттіктерін, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалылығын растайтын арнайы мөртаңба.

"Апостиль" мөртабанын қою (кейде бұл рәсімді «жеңілдетілген заңдастыру» немесе «апостильдеу» деп аталады) 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына қосылған, консулдық заңдастыру талаптарының күшін жоятын және жеңілдетілген заңдастыру рәсімін енгізетін елдерге құжаттар жолдау кезінде - "апостиль" мөртабанын қою қолданылатыны туралы айтылды.

Құжаттарды апостильдеу Гаага Конвенциясына қатысушы елдердің аумағында әрекет етуге арналған құжаттарды тиісті рәсімдеу және түпнұсқалығы кепілдігін қамтамасыз ету мақсатымен жүргізіледі.

Бір жағынан апостильдеу мейлінше жылдам және оны тек қана бір өкілетті орган қоюына, ал екінші жағынан құжаттың Гаага конвенциясына қосылған барлық елдердің аумағында заңды күшіне ие болуына байланысты жеңілдетілген деп аталады.

Егер құжатты дайындаған ел Гаага конвенциясына қатыспаса, оны консулдық заңдастыру қажет болады. Бұл айтарлықтай күрделі рәсім, ол құжатты ҚР Әділет министрлігінде, ҚР СІМ органдарында, бұдан кейін ҚР баратын елдің консулдылығында куәландыруды талап етеді. Бұл жерде құжат консулдық белгісі бар елдің аумағында ғана заңды күшіне ие болады.

Елімізде сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету Департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты) басшысының 13.04.2020 жылғы №13 санды бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына негізделеді.

Осы қағидаға сай, "Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою" жөніндегі мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін

қызмет) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) және оның облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ арқылы қағаз тасығышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz арқылы электронды түрде, немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) кеңсесі арқылы белгіленген нысан бойынша апостиль қоюға өтінішті тиісті құжаттармен бірге береді.

Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлім қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тексереді және қабылдайды, оларды келіп түскен күні тіркейді және тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Облыс орталықтарында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдары бөлімінің қызметкері құжаттар келіп түскен күні құжаттарды дайындауды жүзеге асырады және оларды көрсетілетін қызметті берушіге жіберу үшін Мемлекеттік корпорацияның куәгеріне береді. Егер Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдері басқа елді мекендерде орналасқан жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жинақтаушы секторының қызметкері (маманы) құжаттар келіп түскен күні оларды дайындауды жүзеге асырады және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге қағаз

түрінде Мемлекеттік корпорацияның куәгері не пошта байланысы арқылы жіберуді 2 (екі) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" сұрау салуды қарау мәртебесі туралы хабарлама жіберіледі.

Құжаттар түскен күні көрсетілетін қызметті беруші оларды қабылдайды және тіркейді, мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті берушінің қызметкеріне қарауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері ұсынылған құжаттардың толықтығын және ресми құжаттың түпнұсқалығын тексереді, құжаттарды оң қарау нәтижелері бойынша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" апостиль қою үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну туралы хабарламаны жібереді, ал құжаттар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы түскен жағдайда апостиль қояды не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындауды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушы белгіленген уақытта ресми құжаттың түпнұсқасын ұсынғаннан кейін құжатқа қол қою және мөр қою арқылы апостиль қояды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді. Құжаттар Мемлекеттік корпорацияның филиалы немесе Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері арқылы түскен жағдайда, нәтижелер Мемлекеттік корпорацияның филиалына немесе Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі.

**Сұлтан ЖҮНІС,
Қазалы аудандық
соты әкімшісінің
жетекші маманы**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСЕЙІК

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ заңдарда көзделген және белгіленген, тәртіптік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық болып

табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сол себепті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік қызметкерден адалдықты, шындықты, заңдылықты сақтауды, сонымен қатар жауапкершілікті талап етеді. Ал ең бастысы адамды адамгершілікке тәрбиелейді.

Сыбайлас жемқорлық Кон-

ституция мен мемлекеттің негізгі заңдарына, құқықтық өрт жүйесіне, статусына кері әсерін тигізуде. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттерге басқамемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу, аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік

өкілеттігін пайдалану, заңда көзделмеген артықшылықтар беру, шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету, тағы басқалар жатады.

Алтынбек ҚАЛИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің бастығы,
азаматтық қорғау
подполковнигі

ТАҒАМ НЫСАНДАРЫНА ХАССП ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

ХАССП (ағылшын транскрипциясы HACCP – Hazard Analysis and Critical Control Points, тәуекелді қолдану және бақылаудың аумағы нүктелері) қауіпті ахуалдың пайда болуы қтималы бар тамақ тізбегінің барлық кезеңдерінде, өндірістік процестің кез келген нүктесінде бақылауды қамтамасыз ететін азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесі. Ең бастысы ХАССП жүйесін әлемнің барлық өркениетті елдерінің азық-түлік өнімдерін өндіруші компаниялары қолданады, ал АҚШ-та, Канадада, Жаңа Зеландияда, Жапонияда және тағыда басқа бірқатар мемлекеттерде ХАССП жүйесін заңнамалық деңгейде енгізу талап етілген.

Қазақстан Республикасында 2003 жылдан ҚР СТ 1179-2003 «Сапа жүйелері. HACCP принциптері негізінде тағам өнімдерінің сапасын басқару» стандарты әзірленіп, 2005 жылдан бастап қолданысқа енгізілген.

ХАССП-ның мақсаты - тәуекелдерді өндірістің бастапқы кезеңдерінде анағұрлым ерте анықтау және олардың алдын

алу.

ХАССП-ның ерекшелігі – оны өндірістің барлық деңгейлерінде қолдануға болады, мысалы, алқаптардан бидай өнімін жинаудан бастап дүкендерде нан мен тәтті тоқаштарды сатуға дейінгі кезеңде.

ХАССП-ны қолдану сапа мен бақылаудың дәстүрлі әдістерінен бас тартуды білдірмейді, керісінше олардың үйлесімі барынша тиімді нәтиже беруі мүмкін.

Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйесі ХАССП 7 қағидатын ескере отырып әзірленуі керек:

1) тамақ өнімдерінің тіршілік циклінің барлық кезеңдеріндегі қауіп-қатерлердің маңызын және олардың қауіптілік деңгейін бағалау үрдісі арқылы қауіпті факторларды (қауіп-қатерлерді) талдау;

2) сыни қорытынды нүктелерді анықтау (бұдан әрі – СҚН);

3) әрбір СҚН үшін сыни шектерді белгілеу – үрдістің бақылауда екенін көрсететін критерийді анықтау;

4) жоспарланатын шаралар немесе бақылаулар негізінде

СҚН бақылануын қамтамасыз ету мүмкіндігін беретін мониторинг жүйесін әзірлеу;

5) мониторинг нәтижелері нақты СҚН-ның басқарылмайтынын көрсеткен жағдайда қабылдау жөн болатын түзетуші әрекеттерді анықтау;

6) ХАССП жүйесінің жұмысының нәтижелігін растау үшін анықтау рәсімдерін әзірлеу;

7) ХАССП қағидаттарына және олардың қолданылуына сәйкес келетін барлық рәсімдер мен жазбаларға қатысты құжаттамалар әзірлеу.

Қазіргі таңда ХАССП жүйесі азық-түлік өнімдерінің сапасын басқарудың жөнәреттеудің негізгі моделі, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бас құралы болып табылады. ХАССП жүйесі тәуекел факторларын болдырмау жүйесі емес. Оның негізгі бағыты - азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігіне байланысты болатын проблемалардың туындауы мүмкін тәуекелдерді азайту.

Азық-түлік өнімдерін өндіруші компаниялар өздерінің кәсіпорындарына ХАССП жүйесін енгізе отырып, тауарлардың рыноктағы

қозғалысы кезінде өздерінің өнімдерінің немесе сауда белгісінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Тамақ өнеркәсібінде тұтынушының басты талаптарының бірі – тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі өнім сапасының барлық аспектілерінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. ХАССП жүйесі тамақ өнімдері қауіпсіздігімен байланысты болғандықтан, сапамен қауіпсіздік арасында қатаң байланыс болады.

Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №880 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 021/2011 Кеден Одағының техникалық регламенті күшіне енуіне байланысты тамақ өнімдерін дайындаушы ХАССП принциптеріне негізделген рәсімдерді әзірлеуге, енгізуге және қолдануға тиіс.

Жансая ЗИНЕЛАБДИН,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

ҚР АШМ АӨК Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік қызмет көрсетумен айналысады. Атап айтқанда:

1) Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру;

2) Ғылыми-зерттеу мақсатында карантиндік объектілерді әкелуге келісім-хат беру;

3) Астық пен оның өңделген өнімдерін карантиндік арамшөп өсімдіктерінің тұқымдары мен жемістерін тіршілік ету қабілетінен айыруды қамтамасыз ететін технологиялар бойынша өңдеу және (немесе) қаптама материалын залалсыздандыру мен таңбалауды жүзеге асыратын объектілерді есепке алу

нөмірін беру.

2023 жылдың 1 тамызынан бастап, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 бұйрығына 2023 жылғы 1 маусымдағы №211 бұйрығымен өзгеріс енгізіліп, Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына сәйкес фитосанитариялық сертификатты беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің 2024 жылғы 26 маусым күнгі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау

жөніндегі қағиданы бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы №222 бұйрығына («Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағиданы бекіту туралы» 2 тараудың 5-параграфы алып тасталсын.) сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында облысаралық тасымал кезінде карантиндік сертификат беру мемлекеттік қызметі алынып тасталғаны туралы хабарлаймыз.

Қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар www.egov.kz «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы өтінім бере алады. Сонымен қатар, инспекцияда жеке және заңды тұлғалардың өтінім беру процесін жеңілдету мақсатында, «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы да

ұйымдастырылған. Өтінім келіп түскеннен кейін, инспекцияда ұйымдастырылған «бір терезе» қағидаты бойынша орындаушыға жолданып, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор өнімнің фитосанитариялық жай-күйін жете тексеруге барады, қажет болған жағдайда үлгілер алып, фитосанитариялық сараптамаға жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу барысында кедергілер немесе қосымша сұрақтар туындаған жағдайда 21-7-60 номерлері арқылы байланысуға болады.

Мәулен ҚАРАСАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК МИК
Қазалы аудандық аумақтық
инспекциясының
Өсімдіктер карантині
жөніндегі
мемлекеттік инспекторы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.